

## 2024-2025 оқу жылына арналған

### №1 «Саят» бөбекжай бала-бақшасы педагогтармен өткізілген әдістемелік кеңесінің отырысы

№	Іс-шара атауы	Өткізу мерзімі	Аяқтау мерзімі	Жауаптылар
1	<p>Педагогикалық қызмет барысында тәрбиеленушілерге жүйелі білім беру.</p> <p>1.Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары: - перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг; - өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау; - портфолио жинақтау;</p> <p>2.Өзара ҰІӨ-ге қатынасу, тәжірибе алмасу – педагогтың кәсіби әсуінің факторларының бірі.</p> <p>3.Жаңадан келген балалардың бейімделуі</p> <p>4.Ата-аналармен жұмыс.</p>	Қыркүйек	Хаттама	Әдіскер: Р.Джунускулова
2	<p><b>Тақырыбы:</b> Балабақшадағы оқу-тәрбие процесі.</p> <p><b>Мақсаты:</b> педагогикалық ұжымның жұмыстарының жетістіктері мен кемшіліктерін түзету жолдарын белгілеу.</p> <p>1. Өткен әдістемелік кеңесінің шешімі туралы.</p> <p>2. Ата-ана мен балабақша қарым-қатынасы туралы.</p>	Қараша	Хаттама	Әдіскер: Р.Джунускулова Топ тәрбиешілері
3	<p><b>Тақырыбы:</b> «2024-2025 оқу жылының қорытындысы»</p> <p>1.Өткен әдістемелік кеңесінің шешімі туралы</p> <p>2.Педагогтардың жыл бойы істелінген жұмыстар бойынша есеп)</p> <p>3.Жазғы сауықтыру шараларын</p>	Мамыр	Хаттама	Әдіскер: А.Налибаева Топ тәрбиешілері

**№1 « Саят » бөбекжай-балабақшасы  
2024-2025 оқу жылының**

**№1 әдістемелік кеңестің хаттамасы**

**Тақырыбы:** Педагогикалық қызмет барысында тәрбиеленушілерге жүйелі білім беру.

**Өткізілген күні:** 26.09.2024 жыл

**Қатысқан:** 7 педагог

**Қатыспаған:** жоқ

**Күн тәртібінде:**

1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары:
  - перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг;
  - Өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау;
  - портфолио жинақтау;Әдіскер: Р.Джунускулова
2. Өзара ҰІӨ-ге қатынасу, тәжірибе алмасу – педагогтың кәсіби өсуінің факторларының бірі. Әдіскер: Р.Джунускулова
3. Жаңадан келген балалардың бейімделуі  
Кіші топ тәрбиешісі: Қ.Усипбаева
4. Ата-аналармен жұмыс Әдіскер: Р.Джунускулова

Бірінші сұрақ бойынша балабақша әдіскері : Р.Джунускулова Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындық бойынша қорытынды жасалды, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг құжаттарының тапсырылуы бойынша анықтама жасалды, топтардағы құжаттарды дұрыс толтыруға бірнеше кеңестер берілді. Әр педагогтің өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспары талқыланды, әр педагог өздері тақырыптары бойынша жоспарлы жұмыс жасауды тапсырды. Тестілеуден өткен педагогтер мен күзгі аттестацияға баратын педагогтерге портфолио жинақтау тапсырылды. Педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары бойынша бірнеше кеңестер ұсынылды.

Екінші сұрақ бойынша өзара ҮІӘ-ге қатынасу, тәжірибе алмасу – педагогтың кәсіби өсуінің факторларының бірі тақырыбында педагогтың кәсіби өсуін тиімді ету үшін бірнеше кеңестер берілді. Өзара тәжірибе алмасу үшін семинарлар мен тренингтер, ұжымдық іс-әрекет, өзіндік даму, әлеуметтік желілерде әріптестермен байланыста болу.

Үшінші сұрақ бойынша бөбекжай меңгерушісі кіші топ тәрбиешілерінен балалардың балабақшаға бейімделуіне байланысты есеп алды, балаларды балабақшаға тез бейімдеу үшін бірнеше ұсыныстар мен кеңестер берді. Төртінші мәселе бойынша ата-аналармен жиналыстарды уақытында және дәстүрден тыс форматтарда өткізіп отыруды тапсырды.

### Шешімдер:

1. 2024-2025 оқу жылы цифрлық технологияларды басшылыққа алып жұмыс жасау тапсырылсын  
Мерзімі: жыл бойы.
2. Өзіндік білімін көтеру тақырыптарының жоспарын жүйелеу, өзара тәжірибе алмасу  
Мерзімі: үнемі
3. 2024-2025 оқу жылы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыру үшін үнемі білім беру процесіне ата-аналарды қатыстырып отырсын.  
Мерзімі: үнемі.  
Жауапты: әдіскер, барлық топ тәрбиешілері.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



**№1 « Саят » бөбекжай-балабақшасы  
2024-2025 оқу жылының**

**№2 әдістемелік кеңестің хаттамасы**

**Тақырыбы:** . : Балабақшадағы оқу-тәрбие процесі.

**Мақсаты:** педагогикалық ұжымның жұмыстарының жетістіктері мен кемшіліктерін түзету жолдарын белгілеу

**Өткізілген күні:** 18.11.2024 жыл

**Қатысқан:** 7 педагог

**Қатыспаған:** жоқ

**Күн тәртібінде:**

1.Өткен әдістемелік кеңесінің шешімі туралы

Меңгеруші: А.Налибаева

2.. Ата-ана мен балабақша қарым-қатынасы туралы.

Әдіскер: Р.Джунускулова

Бірінші сұрақ балабақша меңгерушісі А.Налибаева №1 әдістемелік кеңесте қабалданған шешімдер бойынша қорытынды жасады. Тәрбиешілер өзара бір-бірімен тәжірбие алмасып отырғандығын айтып өтті.

Екінші мәселе ата-анамен балабақша арасындағы қарым-қатынас тікелей топ тәрбиешілеріне байанысты болғандықтан ата-аналармен тығыз қарым қатынаста болу керектігі ескертілді. Балабақша қызметкерлері мен ата-атанлардың қарым қатынастарын нығайтып түрлі іс-шаралар өтілсін.

**Шешімі:**

1. Топ тәрбиешілеріне ата-аналармен түрлі іс шарлар ұйымдастырсын.

Жауапты: Педагог қызметкерлер мен әдіскер

Мерзімі: үнемі

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



**№1 « Саят » бөбекжай-балабақшасы  
2024-2025 оқу жылының**

**№3 әдістемелік кеңестің хаттамасы**

**Тақырыбы:** «2024-2025 оқу жылының қорытындысы»

**Өткізілген күні:** 27.05.2025 жыл

**Қатысқандар:** 7 педагог

**Қатыспағандар:** жоқ

**Мақсаты:**

1.Өткен әдістемелік кеңесінің шешімі туралы

Меңгеруші: Р.Джунускулова

2.Педагогтардың жыл бойы істелінген жұмыстары бойынша есеп

Топ тәрбиешілері

3.Жазғы сауықтыру шараларын      Әдіскер: А.Налибаева

1. Алдыңғы кеңесте берілген тапсырмалардың орындалу барысы баяндалды. Ашық сабақтар, бірлесе өткізілген іс-шаралар, әдістемелік көмек көрсетудің тиімділігі бағаланды.

2. Педагогтардың жыл бойы атқарған жұмыстары бойынша есеп

Баяндамашылар: Барлық топ тәрбиешілері

Жетекшілік: Әдіскер А.Налибаева

Әр педагог өз тобы бойынша жүргізілген білім беру іс-әрекеттерінің нәтижесін таныстырды. Ашық іс-шаралар, педагогикалық жобалар, ата-анамен жұмыс, инновациялық әдістер қолдану деңгейі талданды.

Қорытынды: барлық тәрбиешілердің кәсіби белсенділігі жоғары, балалардың танымдық,әлеуметтік және сөйлеу дағдыларында оң динамика байқалған.

Үшінші мәселе жазғы сауықтыру шараларының жоспарларын қарап,бекіту.

**Қабылданған шешімдер:**

1.Әдістемелік кеңесте көрсетілген барлық мәселеер толық қаралды.

2.Педагогтардың жылдық жұмыстары оң нәтижесін берді.

3.Жазғы сауықтыру жұмыстары бекітіліп,орындалуы бақалауға алынсын.

Жиналыс төрайымы

Хатшы:



Р.Джунускулова

А.Налибаева